



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 03 Б А С П А С Ө 3 Р Е Л И З І

2005 жылғы 17 қаңтар

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 16 қаңтарда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	7 384,3	7 318,5
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	6 332,5	6 332,5
Алтын	1 051,8	986,0
Ақша базасы, млрд. теңге	599,6	599,6
KZT/USD (кезең аяғында)	133,51	133,98
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	547,25	513,00

* 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

** ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2006 жылғы бірінші жартыжылдықта Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 4,5%-ға (немесе 318,5 млн. долл.) өсті. Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсуі және ішкі валюта рыногында валюта сатып алуы таза валюта қорларының (ЕАВ) 252,2 млн.долларға көбеюіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 6,7%-ға өсуі нәтижесінде 66,3 млн. долларға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 053,7 млн. долл.) қоса алғанда 15 441,8 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 2,4 % болды.

2006 жылғы қаңтардың бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттарында ақшаның көбеюі) ақша базасының 9,6%-ға (немесе 63,4 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.